

Гаухар» бөбекжай-бақшасы МКҚК



Тақырыбы:
***««Әкем Анам және мен-
спортшымыз»»»***

Өткізген : Илан Мешітханқызы.

2025-2026 оқу жылы

Мақсаты: Балалар мен ата-аналарға спорттық ойындарды орындата отырып , спортқа деген қызығушылықтарын арттыру. Салауаттану – адам жанының да ,тәнінің де тазаруы, денсаулығының нығайуы ,салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу.

Жүргізуші:Шынықсаң шымыр боларсың,

Сауығып айдай толарсың.

Спортты серік ете біл,

Жақсы азамат боларсың.

Жеңімпаз болу оіай ма,

Арман болған талайға

Болмасаң да ұқсап бақ,

Жарысқа түсіп қалайда.

Құрметті әріптестер, ата-аналар және балалар бүгінгі **«Әкем Анам және мен- спортышымыз» отбасылық** сайысымызға хош келдіңіздер! Көңілді жарысымызға ересектер және естияр тобымыздың бүлдіршіндері мен ата-аналары қатысады.

Жарысқа қатысушыларды шақырамыз,

Әр таңды бақытпенен атырамыз.

Өнерді ой көгінде бақылаңыз,

Сайысқа қатысуға енді ортаға -

1.Ерлан әулетінің отбасын шақырамыз.

2. Русылан Әулетінің отбасын шақырамыз.

3.Құрманғазы әулетінің отбасын шақырамыз.

(әр отбасы орнына келіп тұрып, тобын таныстырады)

Жүргізуші: **«Әкем Анам және мен- спортышымыз»** отбасылық сайысы - еліміздегі отбасылардың атсалысуымен өтетін тәрбиелік маңызы зор ойын – сауықты бағдарламалардың бірі. Олай болса сайысымызды бастайық.

Ал, құрметті халайық!

Жарысты енді көріңдер.

Әділ қазы алқасы

Әділ баға беріңдер.

Сайысымыздың әділ бағасын беретін әділқазылар алқасымен таныс болайық.

1. Балабақша меңгерушісі: Б.Т.Буркутова

2. Балабақша шаруашылық меңгерушісі :Д.Имангазина

3. Балабақша медбикесі: Г.Есембекова

Сайысымыз 6 кезеңнен тұрады.

I Кезең: «Желаяқтар»

Ойын шарты:

Бірінші ойыншы бастапқы орыннан кедергілер арасымен межені жүгіріп айналып келіп, екінші ойыншыға қол беру. Келесі ойын осы бағытта жалғасын табады. Бірінші аяқтаған топ жеңіске жетеді.

II Кезең: Шығыршықтан өту.

Ойын шарты:

Бастапқы орыннан бірінші ойыншы шығыршықты ұстайды қалған ойыншылар шығыршықтан өтеді. Келесі ойыншы ұстайды, арғарай ойын жалғасын табады. Межені айналып, қай топ келсе сол топ жеңіске жетеді.

III Кезең: «Теңге ілу»

Ойын шарты:

Әр топ хоп добымен секіріп, өздеріне берілген түстегі шарларды бір- бірден үш рет келіп межедегі шелекке салу керек.

IV Кезең: «Секірмек»

Ойын шарты:

Бірінші ойыншы допты аяқ ортасына қысып секіріп келу. Екінші ойыншы құрсаумен секіреді, ал үшінші ойыншы атпен шауып келеді.

V Кезең:

«Кім жылдам»

VI

Жүргізуші:

Жарыс заңы ежелден-

Жеңімпазды анықтау

Жеңімпаз болу шарты сол-

Еңбектену, жалықпау

Біреу озса сайыста,

Біреу артта қалады

Жеңілгендер ренжімей

Тарасса бізге жарады.

Сайысымыздың қортындысын шығаруға кезекті әділқазы алқасына сөз кезегін береміз.
(Әділқазыларды тыңдау)

Уа, халайық назар аудар денсаулыққа!

Өмірде бақыттысың денің сауда.

Денсаулық терең бақыт деген сөзді

Құр айтпаған Ұлы Абай данамыз да.

Құрметті бүгінгі сайысымыздың қонақтары! Сіздерге сайысымызға келгендеріңе көп-көп рахмет!

